

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕННІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН БАСҚАРУДЫҢ АЙМАҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Андатпа

Мақалада агроөнеркәсіптік кешенді қоса алғанда, экономика алдында тұрған экономикалық даму міндеттерін, инновациялық даму әлеуетін шешу қарастырылады. Сапалы тұрақты дамудың жаңа кезеңіне өту, экономиканың үдемелі даму мәселелерін шешу, ішкі нарықты сапалы отандық өніммен толықтыру, елдің азық-түлік қауіпсіздігіне кепілдік беру, қазақстандық өнімнің сыртқы және ішкі нарықта бәсекелестік артықшылығын нығайту мәселелерін шешуге ықпал ететін болады. Аймақ бойынша аграрлық секторды мемлекеттік қолдау мәселелері, «Агробизнес–2020» бағдарламасын жүзеге асыру қарастырылған. Сонымен қатар елдің экономикасының табысты дамуына көбінесе ауыл шаруашылық өндірісінің өсу қарқыны мен тиімділігімен анықталған. Ауыл шаруашылығын тиімді дамыту табиғи-ресурстық әлеует пен қоғамның игілігін сақтауға ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманда әлемдегі Қазақстанның жағдайына да әсер етеді. Елдің аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру агроөнеркәсіп кешенінің барлық салаларын дамытуға кешенді көзқараспен келуді талап ететіндігі айтылған. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде ШҚО агроөнеркәсіп кешені инновациялық дамуын басқарудың аймақтық аспектілерін жүзеге асыру жүйеге келтірілді, олардың негізінде қорытындылар жасалып, аймақтың агроөнеркәсіп кешенін инновациялық дамуын басқаруды жетілдіруге ұсыныстар берілді.

Тірек сөздер: агроөнеркәсіп кешені, инновациялар, басқару, ауыл шаруашылығы, аймақ, азық-түлік қауіпсіздігі, тиімділік.

Қазақстан үшін агроөнеркәсіптік кешен саласы – ең маңызды басымдық. Өйткені, жаһандану заманында азық-түліктік қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздікпен қатар қойылса, келешекте ауыл шаруашылығы тығырыққа тірелетін елдің қауіпсіздігіне де қатер болатынын сарапшылар болжайды.

Бұл жайында Мемлекет басшысы Н. Назарбаев «Қазақстан–2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында нақты айтып, азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатерді жаһандық сын-қатерлер қатарына жатқызған болатын [1].

Елбасының айтуынша, әлемдік халық саны өсуінің жоғары қарқыны азық-түлік проблемасын күрт шиеленістіріп отыр. «Бүгіннің өзінде әлемде миллиондаған адам аштыққа ұшырап, миллиардқа жуық адам тағамның ұдайы жетіспеушілігін бастан кешіруде.


Тамақ өнімдерін өндіруде революциялық өзгерістер жасамаса, осынау үрейлі цифрлар тек өсе түспек. Ендеше, біз үшін бұл сын-қатер астарында орасан зор мүмкіндіктер бар.

Біз қазірдің өзінде астық дақылдарын аса ірі экспорттаушылар қатарына ендік. Бізде аса ірі экологиялық таза аумақтар бар және экологиялық таза тағам өнімдерін шығара аламыз.

Ауыл шаруашылығы өнеркәсібінде сапалы секіріс жасау толықтай қолымыздағы нәрсе. Бұл үшін бізге жаңа тұрпаттағы мемлекеттік ой-сана қажет болады», – деген еді Нұрсұлтан Назарбаев.

Экономиканың алдында тұрған мәселелердің шешімі, соның ішінде агроөнеркәсіп кешені, сапалы тұрақты дамудың жаңа кезеңіне өту, экономиканың үдемелі даму мәселелерін шешуге, ішкі нарықты сапалы отандық өніммен толықтыруға мүмкіндік беретін, елдің азықтық қауіпсіздігіне кепілдік беретін, қазақстандық өнімнің сыртқы және ішкі нарықта бәсекелестік басымдығын күшейтуге мүмкіндік беретін инновациялық-бағдарлы дамуының нәтижесінде іске асуы мүмкін [2].

Экономиканы мемлекеттік реттеу бағытын зерттеген көптеген ғалымдардың пайымдауынша агроөнеркәсіптік кешеннің аймақтық дамуын мемлекеттік реттеу экономикалық маңызы бар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Оны төмендегі суретте көрсетілген сызбадан байқай аламыз.




Сурет 1 – Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің экономикалық маңызы

Экономиканың аграрлық секторды дамытудағы мемлекеттік реттеудің мақсаты ауыл қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің қолайлы өмір сүру жағдайы бар ауылдық аумақтар әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымының қызмет етуі негізінде ішкі және сыртқы нарықты бәсекеге қабілетті сапалы тауарлармен қамтамасыз ететін орнықты және тиімді ауылшаруашылығын қалыптастыру болып табылады.

Аграрлық сектордың дамуын мемлекеттік реттеу барысында аймақтық даму аспектілері ерекше маңызға ие.

Себебі, аграрлық сектор климаттық жағдайларға тәуелді болғандықтан әр елді мекеннің экономикалық жағдайы, даму перспективалары, аграрлық сектордың басым бағыттарымен қатар климаттық жағдайы ескеріле отырып, мемлекеттік реттеу жүргізіледі.

Еліміз тәуелсіздік алған сәттен бастап АӨК дамуын мемлекеттік реттеу әр түрлі кезеңдерден өтіп дамуда. Төмендегі суретте көрсетілгендей АӨК аймақтық дамуын мемлекеттік реттеу төрт негізгі кезеңде жүзеге асырылған.



Сурет 2 – ҚР АӨК мемлекеттік реттеу кезеңдері

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудағы мемлекеттік реттеу үдерісі келесі бағыттарды қамтамасыз етеді:

- ♦ елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шаруалардың ұйымдық және шаруашылық әлеуетін анықтау үшін экономиканың аграрлық секторындағы институционалды қайта өзгерту;

- ♦ нарықтық принциптердің артықшылығына және мемлекеттік реттеу мен қолдауға негізделген фермерлік, шаруа қожалықтары қызметінде нарықтық қатынастарды және қызмет ету механизмін қалыптастыру;

- ♦ шаруалардың шаруашылық қызметінде ғылымның рөлін күшейту мен олардың мал дәрігерлік-санитарлық және фитосанитарлық қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі;

- ♦ шаруалардың сыртқы экономикалық қызметін экономикалық шаралармен қолдау;

- ♦ мемлекеттік билік органдарының әлеуметтік және кадрлық саясат жүргізу, ауылдықтардың ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ ауылдарда халықты ұтымды қоныстандыру мақсатында мақсатты жұмыстар жүргізу.

Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасының 16 өңірлері арасында ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі бойынша 3-ші орында (11,4%) орналасқан. 2018 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 294 млрд теңгеден асты, 2016 жылмен салыстырғанда 23,9%-ға өсті (кесте 1).

Кесте 1 – Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің динамикасы

Өнім атауының аты	Өлшем бірлігі	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі	млрд теңге	237,2	287,7	294,0
Ауыл шаруашылығы көлемінің индексі	%	106,2	108,3	101,9

Облыстың жалпы жер аумағы 28,3 млн га, оның ішінде: ауылшаруашылық жерлер – 22,7 млн га, егістік – 1,371 млн га (6,2%).

ШҚО-ның агроөнеркәсіп кешенінің 2017 жылғы дамуы туралы қорытындылайтын болсақ.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 460,0 млрд теңгені құрады, 2016 жылғы деңгейден 110,8% артық.

Мал шаруашылығы саласында барлық мал түрлері мен құстың тірі салмақтағы етін өндіру көлемі 270,8 мың тонна, 2016 жылғы деңгейден 4,9% артық.

Сүт сауу көлемі жылдық бағдарламалық көрсеткіштегі 868 мың тоннаның орнына 876,7 мың тоннаны құрады. 2016 жылғымен салыстырғандағы өсім 4,8%.

2017 жылғы егістік аумағы 1316,4 мың га, 2016 жылғы деңгейден 1,2% артық (1300,5 мың га).

Майлы дақылдар егістігі 4,2%, бақша дақылдары егістігі – 6% және мал азықтық дақылдар егістігі 1,8% артық болды.

Жедел мәліметтерге сәйкес 779,1 мың тонна дәнді дақылдар егістігі орылып, гектарынан орташа түсім 13,8 центнерден шықты.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 420 Жарлығымен «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы» бекітілді.

Бағдарламаның мақсаты: Нарықта агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілетті өнімін өндіруді қамтамасыз ету.

Басты міндеттердің бірі ауылшаруашылық кооперативтерін құру, ұсақ және ірі шаруашылықтарды ауылшаруашылық кооперативтеріне біріктіру. 2017 жылы ауылшаруашылық кооперативтеріне 16 мың қожалық және үй шаруашылықтары біріктірілді, бағдарламадағы көрсеткіш 15,7 мың.

Олардың негізінде 44 пилоттық кооператив құрылды, оның 32-сі сүт бағытында, 12-сі ет бағытында, бағдарламадағы көрсеткіш – 38. Құрылған кооперативтерді жабдықтау үшін 3,1 млрд теңге, оның ішінде 2,2 млрд теңге бюджеттік кредит бөлініп, игерілді.

Агроөнеркәсіптік кешен салаларын дамыту және қолдау бойынша мемлекеттік бағдарлама аясында 2017 жылға 19,7 млрд теңге бөлінді, оның ішінде өсімдік шаруашылығын дамытуға – 3,7 млрд теңге, мал шаруашылығын дамытуға – 8,8 млрд теңге, инвестициялық салынымдар

кезіндегі шығыстардың бір бөлігін өтеуге – 5,7 млрд теңге және қайта өңдеу саласын субсидиялауға – 0,3 млрд теңге.

Жалпы жыл бойы сүт және ет өңдеу үлесі бағдарламадағы көрсеткіш бойынша тиісінше 12% және 34% орнына 18% және 25% құрады.

Оған тауарлы сүт фермаларын, салу, қайта жаңарту, сүт қабылдау пункттерін құру, халықтан сүт сатып алу және облыстағы сүт өңдеу кәсіпорындарының қолда бар қуаттарының жүктелімін арттыру арқылы сүтті ірі қара шаруашылығын дамыту бағытында жүргізілген мақсатты жұмыстар оң әсерін тигізді.

Аталған кешенді бағдарламаны іске асыру соңғы 3 жылда 27 тауарлы сүт фермасын жаңадан салып, жаңартуға (2017 ж. – 4 ТСФ), 53 сүт қабылдау пунктін құруға (2017 ж. – 9 СҚП), халықтан 41,6 мың тонна сүт сатып алуға, 2017 жылы сүт өңдеу кәсіпорындарының жүктелімін 42-ден 65%-ға дейін арттыруға мүмкіндік берді.

Етті мал шаруашылығын одан әрі дамыту және экспорт әлеуетін арттыру үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» салалық бағдарламалары бойынша 834 бас ірі қара малы, 579 бас ұсақ мал, 249 бас жылқы сатып алынды.

Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестиция 2016 жылмен салыстырғанда 35,6%-ға артты және 18,7 млрд теңгені құрады.

Тамақ өнімдерінің негізгі капиталына салынған инвестиция 12,9%-ға артып, 2,8 млрд теңгені құрады.

2017 жылы облыстың агроөнеркәсіп кешенінде 7,4 млрд теңгеге 39 инвестициялық жоба, оның ішінде «Қазагро» АҚ арқылы 2,2 млрд теңгеге 14 жоба іске асырылды.

Өндірілген өнімнің экспорттық әлеуетін арттыру үшін облыста екі ет комбинатын салу жұмыстары басталды, оның ішінде Аягөз ауданында «ЕвразияАгроХолдинг» ЖШС және Семей қаласында «Агропортал» ЖШС.

Суармалы егіншілікті дамыту және суарылатын егістік алқаптарын кеңейту жұмыстары жалғасуда. 2017 жылы суармалы 200 мың га жердің 87,7 мың га немесе 43,7% пайдаланылды, бұл 2016 жылғыдан 5,2 мың га артық.

2017 жылы ылғал ресурстарын сақтау технологиясы бойынша 8,5 мың га, оның ішінде жаңбырлатып суару тәсілімен – 7,8 мың га және тамшылатып суару тәсілімен 0,7 мың га жер суарылды (көрсеткіштер 2016 жылғы деңгейде).

Облыстың ауылшаруашылық құрылымдары 2017 жылы 5,4 млрд теңгеден астам қаржыға 761 бірлік техника, оның ішінде «ҚазАгро» арқылы 1,7 млрд теңгеге 222 бірлік техника сатып алды. Машина-трактор паркін жаңалау 2017 жылы 1,9% құрады, бұл жылдық жоспарлы көрсеткішке сәйкес келеді.

Цифрландыру мақсатында «Ауылшаруашылық техникасын есепке алу жүйесін енгізу» жобасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары және паспорт әзірленді. Бұл жоба 2018 жылы іске асырылады.

Ауылшаруашылық техникасының бірыңғай электрондық базасын енгізу және тіркеу жедел түрде талдау жасауға, ауылшаруашылық техникасының маркасы, түрі, қуаты және басқа да көрсеткіштері жағынан деректер алуға, сондай-ақ техниканың бар-жоғы туралы анықтама беру мерзімін 2 аптадан 20 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

2018 жылға облыстық бюджеттен 12 млн теңге бөлінді. Қазіргі уақытта жоба бойынша әлеуетті жеткізуші «AlmaTech» ЖШС-мен техникалық спецификация әзірлеу жүргізіліп жатыр. Бағдарламалық қамтамасыз етуді 2018 жылғы тамыз айында енгізу жоспарланып отыр.

Жаңа технологиялар және бизнес-модельдерді енгізу, АӨК салаларындағы ғылыми негіздерді арттырумен қоса шаруашылық кооперациялары даму мен қолдауға ие болады, бұл жұмыс 2017 жылы белсенді жүргізіліп жатыр.

Облыстың аграрлық сала еңбеккерлеріне 2018 жылға қойылған міндеттер:

1. Облыстың ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін 109%-ға арттыру.
2. Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің нақты көлем индексі – 109%.
3. Азық-түлік тауарларының экспорты көлемін 50,1 млн АҚШ долларына өсіру.
4. Азық-түлік тауарларының көтерме саудасын 112%-ға өсіру.

Облыста 200 мың гектардан астам суармалы жер бар, оның 90 мың га пайдаланылады. Пайдаланылмайтын 110 мың га суармалы алқапты қалпына келтіру және айналымға енгізу шаралары белгіленіп отыр.

Суарудың жаңбырлатып және тамшылатып суару сияқты озық тәсілдері қолданыла бастады. Жаңбырлатып суарылатын аумақ 2016 жылы 8900 га, тамшылатып суару аумағы 850 га құрады, соңғы 3 жылда өсім тиісінше 1,7 және 2,5 есе болды. 42 тұқым шаруашылығы жұмыс істейді, оның ішінде 3 шаруашылық – бірегей тұқым өндіруші (оригинатор), 7 шаруашылық – элиталық тұқым өндіруші (элиттұқымшар), 32 шаруашылық 1, 2 және 3 көбейтілген тұқым өндіруші мәртебесін алған. 2016 жылы 1 және 2 класты тұқым көлемі 87,5% құрады. Машина-трактор паркін жаңалау бағытында жұмыстар жүргізілді, себебі техниканың 80%-ы пайдалану мерзімі өтіп тозған. 2016 жылы ауылшаруашылық құрылымдары 6050 млн теңгеге 810 бірлік техника, оның ішінде «ҚазАгроҚаржы» ҰБХ арқылы 5051 млн теңгеге 650 бірлік техника сатып алды.

Жаңалаудың орташа пайызы 5,4%, нормативтің 10%-ы. Ауылшаруашылық техникасын жаңалау қарқынын арттыру үшін оны жаңалау бойынша 2016–2018 жылдарға арналған кешенді жоспар әзірленді, 25,5 млрд теңгеге 3590 бірлік жаңа техника сатып алу жоспарланып отыр. ШҚО АӨК саласына SWOT талдау 2 кестеде берілген.

Кесте 2 – ШҚО АӨК саласына SWOT талдау

Мықты жақтары (S): 1) өндірістік әлеуеттің болуы: - ауылшаруашылық жерлердің болуы, - ауылшаруашылық малдардың болуы: (облыста республикадағы ірі қара малының 13,3%, жылқының 13,5% және қой мен ешкінің 12,3% шоғырланған); - республикадағы жетекші позициялар: сүт, майлы күнбағыс, бал және панты (1 орын), ет және картоп өндіру бойынша 3 орын; 2) ауылшаруашылық өндірісінің тұрақты өсуі; 3) май, сүт және ет өнімдерін, оның ішінде құс етін қайта өңдейтін ірі кәсіпорындардың болуы; 4) облыс халқының ет, сүт, картоп, көкөніс және ұн сияқты негізгі тамақ өнімдерімен толық қамтамасыз етілуі	Әлсіз жақтары (W): 1) ауылшаруашылық техникасы мен жабдықтарының тозуы; 2) суармалы егіншілік тиімділігінің төмендігі; 3) асыл тұқымды мал үлесінің төмендігі; 4) мал азығының жеткіліксіздігі; 5) ауыл шаруашылығы өндірісінде заманауи инфрақұрылымның жеткілікті дамымағаны; 6) дайындау ұйымдары торабының әлсіздігі; 7) қайта өңдеу кәсіпорындарының өндірістік жүктелімінің жеткіліксіздігі; 8) өндірістің ұсақ тауарлығы; 9) АӨК-де білікті кадрлардың тапшылығы; 10) Кепілдік мүліктің аздығынан инвестиция тарту деңгейінің төмендігі
Мүмкіндіктер (O): 1) АӨК әлеуетін толық пайдалану: - заманауи тауарлы сүт фермаларын дамыту, халықтан сүт жинауды ұйымдастыру және сүт өнеркәсібіндегі өндіріс жүктелімін арттыру; - ГТҚ жаңалау есебінен суармалы жерлер аумағын кеңейту; - өндіріске жаңа озық технологияларды енгізу; 2) өндірісті жетілдіру және жаңа инновациялық жобаларды іске асыру есебінен өнімнің бәсекеге қабілеттілігін көтеру; 3) ауылшаруашылық техникасы паркін барынша жаңалау; 4) етті және сүтті ірі қара мал өнімінің, бал ара шаруашылығы өнімінің экспорттық әлеуетін көтеру; 5) АӨК субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету жолымен ауылшаруашылық өндірісін ірілендіру; 6) дайындау ұйымдары торабын дамыту; 7) суармалы егіншілікті дамыту үшін жер мен су ресурстарының болуы; 8) сүт және сүт өнімдерін өндіруді, ет өңдеуді дамыту үшін стратегиялық инвесторлар тарту	Қатерлер (T): 1) аграрлық саланың өзіне тән тәуекелдерінің артуы; 2) жұмыс күшінің ауылдан қалаға көшуі; 3) Қазақстан Республикасының БЭК және ІСҰ-ға кіруі аясында агроөнеркәсіп нарығында бәсекелестіктің күшеюі

ШҚО АӨК саласына SWOT талдауына сәйкес келесі мәселелер анықталды:

- ♦ өндірістің ұсақ тауарлығы, мал шаруашылығы өнімі өндірісінің жеке қосалқы шаруашылықтарда шоғырлануы;
- ♦ жеткілікті дамымаған өндірістік инфрақұрылым;
- ♦ дайындау ұйымдары торабының дамымауы және олардың тиімділігінің төмендігі;
- ♦ ұсақ субъектілердің кредиттік ресурстарға қол жетімділігінің төмендігі, көптеген ауыл-шаруашылық тауарын өндірушілерде негізгі және айналым қаражатының жетіспеушілігі;
- ♦ қайта өңдеу кәсіпорындарының өндірістік жүктелімінің жеткіліксіздігі, нарықта сол өнімге ұқсас импорттық өнімнің болуына байланысты өнімді өткізу мүмкіндігінің аздығы;
- ♦ машина-трактор паркінің тиісті деңгейде техникалық жарақталмауы;
- ♦ өндіріске жаңа озық технологияларды енгізудің әлсіздігі;
- ♦ ауыл халқының, оның ішінде білікті кадрлардың ауылдан қалаға көшуі салдарынан кадрлардың тапшылығы.
- ♦ машина-трактор паркінің тиісті деңгейде техникалық жарақталмауы;
- ♦ өндіріске жаңа озық технологияларды енгізудің әлсіздігі;
- ♦ ауыл халқының, оның ішінде білікті кадрлардың ауылдан қалаға көшуі салдарынан кадрлардың тапшылығы.

Елдің экономикасының табысты дамуы көбінесе ауыл шаруашылық өндірісінің өсу қарқыны мен тиімділігімен анықталады. Ауыл шаруашылығын тиімді дамыту табиғи-ресурстық әлеует пен қоғамның игілігін сақтауға ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманда әлемдегі Қазақстанның жағдайына да әсер етеді. Елдің аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру агроөнеркәсіп кешенінің барлық салаларын дамытуға кешенді көзқараспен келуді талап етеді. Салалық инфрақұрылымды дамытудың тиісті деңгейі болмай өндіріс құралдарын шығаратын АӨК-тің бірінші саласы да, ауыл шаруашылығын білдіретін – екіншісі де, ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеуді жүзеге асыратын – үшінші сала да қалыпты жұмыс істей алмайды. Сондықтан Қазақстанның ауыл шаруашылығын тұрақтандыру және бұдан әрі дамыту мемлекеттің рөлін күшейту және экономиканың осы аса маңызды саласына қолдау көрсетпей мүмкін емес.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауы: http://go.mail.ru/redir?src=1cb722&via_page=1&type=sr&redir=eJzLKCKpsNLXT0zJzEkt0atKzNPLrtLPTqzST8IPLtYPMjQ2AANTUwYGGQ1NTS0sLQ3MgO3XDwt0c9umf773W-hv-00kNACLGFM&user_type=50.
- 2 Қазақстан Республикасының Үкіметінің 18.02.2013 ж. № 151 Жарлығымен бекітілген «Агро-бизнес–2020» Бағдарламасы: http://go.mail.ru/redir?src=22ed26&via_page=1&type=sr&redir=eJzLKCKpsNLXz8_LycxL1atKzM7P08uu0nfJTy7NTc0r0bdPyU-Oz0yxNTY0NjUwN7FkYDA0NbW0tDA0t7RgUC2y1Tg5Ydb-3wyHjP_IieUAAPP9GbU&user_type=50.
- 3 2016–2020 жылдарға арналған Семей қаласы агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуының аймақтық бағдарламасы: http://go.mail.ru/redir?src=59d86a&via_page=1&type=sr&redir=eJzLKCKpKLbS1y8uKU3Ry67SL0pNSy1KLNEvzsgv1zc3MDcxZ2AwNDW1tLQwtDQyZ5jZunXijr2cnVfnr5q8YhL3HwCzvhdU&user_type=50.
- 4 Құбаев Қ.Е. Аграрлық сектор экономикасы мемлекеттік реттеу мәселелері / Құбаев Қ.Е., Ихданов Ж.О., Кәрібай А.Ш.: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2007. – 208 б.
- 5 Ұлттық басқарушы холдинг «КазАгро» АҚ ресми сайты: // www.kazagro.kz.
- 6 Семей қаласының әкімінің ресми сайты: // www.akimsemey.gov.kz.
- 7 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсы: // <http://mgov.kz>.
- 8 Шығыс Қазақстан облысы әкімінің ресми интернет-ресурсы: // <http://www.akimvko.gov.kz>.
- 9 ШҚО Ауыл шаруашылық басқармасының ресми сайты: // <http://www.agro.vko.gov.kz>.

Аннотация

В статье рассматривается решение задач экономического развития, потенциала инновационного развития, стоящих перед экономикой, включая агропромышленный комплекс. Переход на новый этап качественно-го развития будет способствовать решению проблем ускоренного развития экономики, пополнения внутреннего рынка качественной отечественной продукцией, обеспечения продовольственной безопасности страны, укрепления конкурентного преимущества казахстанской продукции на внешнем и внутреннем рынке. Проблемы государственной поддержки аграрного сектора в регионе рассматриваются в свете реализации программы «Агробизнес–2020». В то же время успешное развитие экономики страны во многом определяется ростом и эффективностью сельскохозяйственного производства. Эффективное развитие сельского хозяйства не только затронет потенциал природных ресурсов и благосостояние общества, но и ситуацию в Казахстане в настоящее время. Реализация аграрной продовольственной программы страны потребует комплексного подхода к развитию всех секторов агропромышленного комплекса. В результате проведенных исследований систематизирована реализация региональных аспектов управления инновационным развитием агропромышленного комплекса ВКО, на основе которых сделаны выводы и предложены рекомендации по совершенствованию управления инновационным развитием агропромышленного комплекса в регионе.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, инновации, управление, сельское хозяйство, регион, продовольственная безопасность, эффективность.

Abstract

This article discusses a solution to the problems of economic development, the capacity for innovative development facing the economy, including agriculture. The transition to a new stage of qualitative development will help solve the problems of accelerated economic development, replenishing the domestic market with high-quality domestic products, ensuring the country's food security, and strengthening the competitive advantage of Kazakhstan products both in the domestic and foreign markets. The problems of state support of agrarian sector in the region are examined in realization of the program "Agrobusiness–2020". At the same time, the successful development of the country's economy is largely determined by the growth and efficiency of agricultural production. The effective development of agriculture will not only affect the potential of natural resources and the welfare of society, but also the situation in Kazakhstan at the present time. The realization of the agrarian food program of the country will require an integrated approach to the development of all sectors of the agro-industrial complex. As a result of the conducted research, the implementation of regional aspects of managing the innovative development of the agro-industrial complex of the East Kazakhstan region is systematized, on the basis of which conclusions are made and recommendations are offered to improve the management of the innovative development of the agro-industrial complex in the region.

Key words: agroindustrial complex, innovations, management, agriculture, region, food safety, efficiency.